

## **Сбербанк Қазақстан мен «Даму» қоры кәсіпкерлерге ЭЦҚ көмегімен шарттарға онлайн қол қоюды ұсынды**

**2019 ж. 19 тамыз, Алматы қ.** – ҚР Үкіметі тарапынан өткізіліп жатқан «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде «Сбербанк» АҚ ЕБ «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Субсидиялау шарттарына қол қою процедурасын жеңілдету және осы процедураны электрондық сервистерге көшіру ұсынысын қолдады.

«Сбербанк» Қазақстанның қаржы институттарының арасынан бірінші болып өз клиенттеріне жаңа қызметті, атап айтқанда электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы «Даму» КДҚ» АҚ-мен жасалатын Субсидиялау шарттарына онлайн қол қоюды ұсынды. Осы жаңа қызметтің арқасында, банкпен ынтымақтастық орнататын кәсіпкерлерге бұдан былай қажетті құжаттарға қол қою үшін банк бөлімшелеріне жеке келудің қажеті жоқ.

«Сбербанк Қазақстан өзінің сервисін жақсарту үшін үнемі жұмыстар атқарып отырады және өз қызметтерін онлайн сервистер арқылы ұсынуға аса көңіл бөледі. Осы тұрғыдан, құжаттарға қол қою немесе ЭЦҚ-ны қолдану технологиясын қазіргі қоғам өмірінің ақпараттарды беруге, өңдеуге және қызметтерді алуға байланысты барлық салаларына енгізу перспективалары кең, бұл біздің серіктестеріміздің уақыты мен шығындарын едәуір үнемдейді. Субсидиялау шарттарына онлайн қол қою қызметтерін енгізудің арқасында бүкіл тараптардың қол қою мерзімдері 30 күннен 2-3 күнге дейін қысқарды, бұл біздің клиенттеріміздің банкпен де, «Даму» қорымен де өзара әрекеттестік орнатуын айтарлықтай жеңілдетеді», - дейді «Сбербанк» АҚ ЕБ-ның Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары Ельдар Тенизбаев.

Жаңа цифрлық технологиялардың енгізілуі Қазақстан экономикасының барлық салаларының даму негізі екендігі сөзсіз. Цифрлық жүйеге көшу цифрлық қоғамды ел экономикасына интеграциялау мүмкіндігін қамтамасыз ету және кәсіпкерлердің мемлекеттік цифрлық қызметтерге кеңінен қатынауы үшін өте маңызды. Осы себепті, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы отандық кәсіпорындар мен компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі мен өнімділігін арттыру үшін күшті ынталандырма болып табылады.

### **Анықтама:**

*«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 13 жыл табысты жұмыс істеп келеді, 01.01.2019 ж. мәліметтерге сәйкес активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 2-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 97 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.*

**Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:**

«Сбербанк» АҚ ЕБ  
Гульмира Мухсинова  
+7 (727) 266-35-68 (ішкі нөмір.: 502 466)  
e-mail: [Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz](mailto:Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz)

«Сбербанк» АҚ ЕБ  
Фархад Таев  
+7 (727) 266-35-68 (ішкі нөмір.: 600 158)  
e-mail: [Farhad.Taev@sberbank.kz](mailto:Farhad.Taev@sberbank.kz)